

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ
Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т
МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана, Парламент Мәжілісі
20 __ жылғы «__» _____
№ _____

010000, Астана, Мажилис Парламента
«__» _____ 20 __ года

2022 жылы 30 қарашда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер - Министрі
Ә. А. Смайыловқа**

**Қазақстан Республикасының
Бас Прокуроры
Б.Н. Асылловқа**

Депутаттық сауал

**Құрметті Әлихан Асханұлы !
Құрметті Берік Ноғайұлы!**

Елімізде жылыту маусымы басталмай жатып, Қазақстанның бірқатар қалаларында Жылу электр орталықтары істен шығып, Риддер, Екібастұз қалаларында техногенді апат жағдайы қалыптасты.

Президент Қ.Ж. Тоқаев жағдайға шұғыл баға беріп, Үкіметке еліміздің барлық жылу объектілерін тексеріп, апатты жағдай болмауы үшін іс - шаралар қабылдау үшін нақты тапсырма берді.

Осыған орай, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшелері Екібастұз қаласына барып, қиын - қыстау кезеңде халықпен бірге болып, жұртшылықтың пікірін тыңдады.

Мәселені жұртшылықпен жан - жақты қарастырды.

Главные проблемы сферы энергетики заключаются в том, что магистральные сети изношены, например, в Экибастузе степень изношенности сетей составляет 91%, отсутствует процесс капитальной модернизации самих ТЭЦ, не хватает инвестиций в данную инфраструктуру.

Олигархические группы, которые различными неприглядными путями, несправедливыми методами завладели стратегическими объектами, десятилетиями эксплуатируя это народное достояние,

получая прибыль, не хотят вкладывать в модернизацию магистральных сетей и ТЭЦ по всей стране.

Это совершенно несправедливо в отношении к гражданам и государству!

Такое ощущение, что олигархи плевать хотели на интересы простых людей! Могли бы публично попросить прощения у народа!

Олигополия бұл объектілердің пайдасын сүліктей сорып, енді проблеманы мемлекетке, халыққа ілмекші!

«АМАНАТ» партиясы халықтың мұң - мүддесі, әрбір азаматтың жан тыныштығы басты мақсат деп есептейді!

Үкімет және Бас прокуратура Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында мына мәселелерге баса назар аударуы қажет деп есептейміз:

1. Энергетика кәсіпорындарын толық техникалық аудиттен өткізу;
2. Жылу электр орталықтары, магистралді желілердің тозу дәрежесін анықтай отырып, халықтан алынатын тарифтердің инвестициялық бөліктері қайда кеткенін анықтау;

3. Жылу электр орталықтары мен магистралдардың техникалық жағдайы үшін кәсіпорын акционерлерінің құқықтық жауапкершілігін қарастыру;

4. 2015-2022 жылдары жылу жүйелеріне әр түрлі мемлекеттік бағдарламалар арқылы 183 млрд. теңге бөлінген. Осы соманың қайда, қалай жұмсалғанына тексеру жүргізу;

5. Жалпы энергетика саласына, стратегиялық, сезімтал сала болғандықтан қоғамдық бақылау орнатуға жан - жақты көңіл бөлу.

Сауалға заңда көрсетілген мерзімде жауап берулеріңізді сұраймыз.

Құрметпен,

Қазақстан Республикасы

Парламенті Мәжілісінің депутаттары,

«Amanat» партиясы фракциясының мүшелері

Е. Саиров


А. Сарым


Ж.Әшімжанов

А. Платонов

Ә. Әбсеметова

Г. Нұрымова

 Т. Мұхсинова

 74 64 08

@ Muhsinova@parlam.kz